

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МККК Сіздерді 2025 жылы 14 ақпан күні Қазақтың ұлы тұлғаларының бірі, тарих ғылымдарының докторы, ғалым Ермұхан Бекмахановтың туғанына 110-жыл толуына орай **«Е.Бекмахановтың тарихи мұрасы»** атты тақырыбындағы қалалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға шақырады.

1.1 Ұйымдастырушы: Астана қаласы әкімдігінің әдістемелік орталығы

Конференцияның мақсаты – Ұлт тарихын жазған ұлы тұлға, тарих ғылымдарының докторы, ғалым Ермұхан Бекмахановтың тарихи тұлғасына қатысты өзекті мәселелерді талқылап, оның өмірі, саяси қызметі мен шығармашылық мұрасын, еңбектерін таныстыру, педагогтердің шығармашылық әлеуетін көтеру болып табылады.

Конференцияның секция бағыттары:

1-СЕКЦИЯ

«Ермұхан Бекмаханов және Қазақстанның XIX ғасырдағы тарихын зерттеу мәселелері»

Модератор: **Сабанбаева Жанар Мұхаметбайқызы**, «105 орта мектеп» КММ -нің тарих пәнінің мұғалімі, Sabanbaeva74.74@mail.ru

2-СЕКЦИЯ

«Е.Бекмахановтың өмірбаяны мен тұлғалық қасиеті» Модератор: **Дүйсенбаева Амангүл Жаканшаевна**, Астана қаласы, «Мұстафа Шоқай атындағы №51 мектеп» тарих пәні мұғалімі, d.amankul72@mail.ru

3-СЕКЦИЯ

«Ермұхан Бекмахановтың Қазақстан тарихындағы орны: ғылым мен идеология арасындағы күрес»

Модератор: **Арапова Айнур Шанжархановна**, №78 мектеп-гимназия, тарих пәні мұғалімі, aynur.arapova.81@mail.ru

4-СЕКЦИЯ

«Ұлт-азаттық қозғалысын зерттеу кезінде Қазақстан тарихы сабақтарында ұлттық тарихи сананы қалыптастыру» **Ердеханова Сапарай Сапаровна** Ілияс Жансүгіров атындағы 58 мектеп-гимназия ШЖҚ МКК тарих пәні мұғалімі, Saparai_81@mail.ru

5-СЕКЦИЯ

«Ермахан Бекмаханов әлемдік тарих ғылымдарының контекстінде»

Модератор: **Алиев Ербол Ермаханович**, Б.Момышұлы атындағы №53 мектеп-лицей, aliev_erbol@mail.ru

Конференцияның жұмыс тілдері – қазақ және орыс тілдерінде.

Конференцияға отандық ғалымдар, тарих пәнінің мұғалімдері және 9-11 сынып оқушылары қатысады.

Конференция жұмысына қатысу формалары:

1. Пленарлық отырыста TEDx форматында сөйлеу (10 мин. дейін)
2. Секция барысында баяндама жасау
3. Конференцияға тыңдаушы ретінде қатысу

Конференция бағдарламасы:

1. Пленарлық отырыс.
2. Секциялық отырыс.

Баяндама уақыты

5-7 минутқа дейін;

Өтетін орны: Астана қаласы әкімдігінің «Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназия» ШЖҚ, Қорғалжын трассасы 37/1

Өткізу күні мен уақыты: 14.02.2025 ж, сағат 10.00.

Қатысушыларды тіркеу сағат 09.00-ден басталады.

Конференцияға тікелей қатысу үшін 2025 ж. «05» ақпанға дейін көрсетілген электрондық поштаға (1- қосымшаға сәйкес) өтінім мен баяндама тезистерін жіберу қажет.

Конференцияға қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне 2025 жылы «05» ақпанға дейін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- конференцияға қатысуға жеке өтініші (1-қосымша);
- талаптарға сәйкес жазылған мақаланың мәтіні (2- қосымша);
- конференцияға қатысу жарнасы 4000 тг (төлем көшірмесін жіберу)
- төлем жіберілгендігін растайтын түбіртек жіберу қажет;
- конференция материалдары жинақ болып шығарылады, мұғалімнің таратылымы болып табылады, аттестацияға жарамды.
- Мақала 3-5 беттен аспауы қажет;

Қосымша сұрақтар бойынша **87751307911** немесе **87054691676** номерлеріне хабарласуға болады.

Қатысуға өтінім:

ТАӘ (толығымен):
Жұмыс орны, қызметі:
Байланыс телефоны:
Электрондық пошта (E-mail):
Тақырып секциясы:
Баяндама тақырыбы:

МАТЕРИАЛДАРДЫ ЖОБАЛАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптар:

Мақала көлемі А4 мәтін форматындағы 3-6 бет, Microsoft Word мәтіндік редакторында Times NewRoman шрифтімен, бір жоларалық интервалмен 14 кегльмен терілген болуы тиіс. Беттің параметрлері: абзац-10 мм; жиектері барлық жағынан 20 мм.

Мәтінді бос орындармен табуляциясының көмегімен түзетуге жол берілмейді. Мәтін тілі: қазақша және орысша

Мақала тақырыбын рәсімдеу бойынша: баяндама тақырыбы; автордың (лардың) аты-жөні (дері) үтір арқылы қалың қаріппен беттің ортасына жазылады;

Оқу орнының атауы ортасында курсивпен; Аннотация, түйінді сөздер. Әрі қарай, бір бос жолдан кейін негізгі мәтін.

Материалдар жинағы электронды түрде PDF форматында конференция өткізілген күннен кейін 10-15 күн ішінде қатысушыларға жіберіледі.

Қатысушыларға қатысу сертификаты (электронды) беріледі.

Конференция материалдары: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МККК <https://astana-modern.kz>. сайтында жарияланады.